## Қауымдық сервитут белгілеудің кейбір мәселелері туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 200 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69-баптарына, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңының 31, 37-баптарына сәйкес және ""Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының хатын қарап, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы " акционерлік қоғамына электр жабдықтау және жарықтандыру бағаналары үшін пайдалану мақсатында жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер учаскелеріне 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Талиповқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *А.Абдуллаев*

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 17 шілдедегі
№ 200 қаулысына қосымша

## Электр жабдықтау және жарықтандыру бағаналары үшін пайдалану мақсатында жария сервитут белгіленетін жер учаскелері

| № | Жер пайдаланушылар атауы | жария сервитуттың әрекет ету көлемі (гектар) | соның ішінде: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер | оның ішінде: | | | | |
| | | | | егістік | оның ішінде: суармалы егістік | көп жылдық екпелер | шабындық | жайылым |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | Жылға ауылдық округі | 0,003 | | | | | | |

кестенің жалғасы

| | өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық | ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың | | | |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| е л д і мекендердің жері | қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер | жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер | орман қорының жері | су қорының жері | босалқы жер |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| | 0,003 | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК